Бекітемін
“Гаухар-Тас” жекеменшік балабақшасы
Меңгерушісі Куршенова Г.

# ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымының атауы: “Гаухар-Тас” жекеменшік балабақшасы
Топ: ортаңғы топ “Балдырған”
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): **26.01 - 30.01.2026ж.**
Педагогтің аты-жөні: Нұрбайқызы А

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **«Білім тек білім беріп қана қоймай, жеке тұлғаны қалыптастырып, адам бойындағы адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеуі керек». Міржақып Дулатов** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>Сәлемдесу<br>Қуанамын мен де<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанайық достарым!<br>Арайлап атқан күнге! | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>Сәлемдесу<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті) | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.<br>Сәлемдесу<br>Барлығымыз табиғатты сүйеміз, | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.<br><br>BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу.<br>“Хоки-поки биі”<br>https://bilimkids.kz/media/vide | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>«Күй күмбірі»<br>Күймен балаларды қарсы алу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың музыкалық қабілеттері туралы әңгімелесу. | Ата-аналарға кеңес. "Балаларды қалай қуантуға болады?" | Ата-аналарға кеңес. "Мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыруда ойын технологияларын қолдану". | Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек тапсырмалары: Балалар жеке сөрелеріне көңіл бөледі; сүлгімен шаң сүрту, заттарды ұқыпты орналастыру. (еңбек дағдылары)<br><br>«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы.<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка)<br><br>"Сөйлемді аяқта" сөздік ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға әртүрлі | «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Бөлме өсімдіктерін суару». (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)<br>Мақсат-міндеттері. Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау (мысалы, фикус, аспидистра, бальзамин), өсімдік бөліктерін тану; қарапайым тапсырмаларды өздігінен (ересектің көмегімен) орындауға, өсімдіктерді (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге аздап құю, қажетіне қарай) суаруға баулу; қамқорлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек тапсырмалары: «Асханадағы көмекшілер». (қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>Балаларды тамақ ішерде табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктерін жетілдіру.<br><br>"Лото: "Үй жануарлары" үстел үсті ойыны.<br>(қоршаған әлеммен | «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Ойыншықтар мен құралдар сөрелерінде тәртіп орнатайық». (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)<br>Мақсат-міндеттері. Заттардың атқаратын қызметтерін, пайдалану амалдарын түсінуге көмектесу; әр заттың өз орнын есте сақтап, қайта орнына қоюға үйрету; өзгеге көмек көрсету ниеттерін қолдау; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>«Өлшеміне қарай сәйкестендір» үстел үсті ойыны.<br>(математика негіздері)<br>Мақсат-мігдеттері. Заттар шамасы бойынша әртүрлі | Ұлттық сезім күні<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: Құрылыс материалдарын, үстел үсті ойындарды орнына қою. (еңбек дағдылары, дербес іс-әрекеті, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Кез келген жабдық пен құралдың орнын есте сақтауға көмектесу, ұқыптылыққа баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құбылыстарды себеп-салдарына байланысты түсінуге үйрету; сөзді дұрыс таңдауға жаттықтыру.<br>Ойын әрекеттері: көрсеткішті бұру.<br>Ойынның барысы: педагог сөйлемді бастайды, мысалы, "Мен жылы тонды кигенімнің себебі …" - балаларға оны аяқтауды ұсынады. Балалар: "… жылы болу үшін, … тоңбау үшін" және т.б. жауап береді. Кімге көрсеткіш бұрылса, сол жауап береді. Педагог алдын-ала сөйлемдерді әзірлеп қоюы керек. Мысалы: "Біздің шамды жаққан себебіміз …", "Қолшатыр алған себебіміз …" және т.б.. Келесі жолы аяқталмаған сөйлемдерді балалардың өздеріне құрастыруды ұсынуға болады.<br><br>"Заттардың өлшемдерін салыстыр" ойын-жаттығуы.<br>(математика негіздері, | "Кім көп біледі?" сөздік ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Дидактикалық міндеті: балалардың есте сақтауын; заттар туралы білімдерін молайту; тапқырлыққа, жылдам ойлануға тәрбиелеу.<br>Ойын ережесі: заттың қалай пайдаланылатынын айту.<br>Ойын әрекеттері: жарыс, затты пайдаланудың түрлерін көп айту керек.<br><br>Қиылған суреттермен ойындар «Әңгіменің кейіпкерлерін жина».<br>(құрастыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ересекпен бірге ойынға қатысуға, қарапайым ертегілерді ойнап көрсетуге, олардың кейіпкерлерінің жеке диалогтарын және эмоционалды образын жеткізуге үйрету.<br>Танымал ертегілерді ойнап көрсетуге | таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды, үй жануарларын, топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Түстер бойынша карточкаларды таңдау.<br><br>"Мен қайда қандай болдым?" жаттығуы.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалау тәсілдерін дамыту; алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға, ересектермен диалог құруға үйрету.<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге | болатындығы жайлы түсінік беру. Балаларды заттарды берілген өлшем бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы көлемі) салыстыруға үйрету, бір затты екіншісімен салыстырып нәтижелерді салыстыруды дамыту.<br>Қабылдау қабілетін, ойлау дағдыларын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br><br>"Жұп суреттер" үстел-үсті ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Дидактикалық міндеті: балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорларын жетілдіру: ұқсас, әртүрлі, бірдей.<br>Ойын ережесі: бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді.<br>Ойын әрекеттері: бірдей суреттерді іздеу. | "Кім шақырғанын тап" сөздік ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың өз құрбы-құрдастарымен бірігіп ойнауға, достық қатынас орнатуға тәрбиелеу. Жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Зейін және есту қабілеттерін дамыту. Достыққа тәрбиелеу.<br>Балаларға қарамай кім шақырғанын тек дауыс бойынша табу, оның атын дұрыс атау. Дауысын өзгертпей, атын қатты айту.<br>Ойын әрекеті: кім шақырғанын іздеу.<br><br>Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу. Сөздік қорға қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. | қызығушылық пен ынтаны қалыптастыру. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттерін талқылау. Жай схемалар мен сурет үлгілерін пайдалана отырып, заттарды қию, қосу сияқты тәсілдермен өз бетінше конструкциялар жасауға мүмкіндік беру. Қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау қабілетін және ойлау дағдыларын дамыту. | қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балалардан қайда болғанын сұрау. Қандай ойынды ойнағанын, күн тәртібінде балабақшада, үйде не істегенін сұрау; ойынды, әрекетті атауға көмектесу. Ойнағанда бала қандай болғанын сұрау. Мысалы, көңілді, қуанышты; жылдам, шапшаң, баяу; әдепті, ақылды болды. | | айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Жаңа өлеңдерді тыңдай білуге үйрету. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Жалпы дамыту жаттығулары (сылдармақтармен).<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар | Жалпы дамыту жаттығулары (сылдармақтармен).<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар | Жалпы дамыту жаттығулары (сылдармақтармен).<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар | Жалпы дамыту жаттығулары (сылдармақтармен).<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен | Жалпы дамыту жаттығулары (сылдармақтармен).<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.2. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ | сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.2. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде. | сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.2. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ | сылдырлатады.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.2. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). | сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.2. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Сылдырмақтарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). | 4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). | бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). | | артында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). |
| **Таңғы ас** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>Тазалықтың досы<br>Су дегенің осы.<br><br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, тамақпен ойнамау ауызды толтырып сөйлемеу.<br>Әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)<br>Кесе, шыны, пияла.<br>Оларсыз шай құя ма?<br>Қасықсыз тамақ жемейді,<br>Бәрінің атын не дейді?<br>Балалар алғыс айтып тамақтануға кіріседі.<br>Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оның қасына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады.<br>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға, өзіне тиісті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-** | «Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.<br>"Күй күмбірі": "Ерке би" (Қаршыға Ахмедияров) https://kitap.kz/music/2/qarshyha-axmediyarov-kujler-iii | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекетті өткізуге дайындық** | «Өнегелі»: Тақырыбы: "Шыншыл болу маңызды". Мақсаты: балаларда адамның жақсы әрекеттері туралы түсініктерді қалыптастыру; таныс шығармалар кейіпкерлерінің жағымды әрекеттері, шыншыл болу, көмекке келу қасиеттері үлгілерін көрсету. | | | | |
| | Таңғы сәлемдесу.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту; қоршаған объектілерге көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Сәлем саған, Аспаным!<br>Сәлем саған, алтын Күн!<br>(Қолдарын көтеру)<br>Сәлем саған, туған Жер!<br>(Қолдарымен жоғарыда үлкен шеңбер салу)<br>Сәлем, бүкіл Жер шарым!<br>(Қолдарын кілемге баяу түсіру)<br>Сәлем, үлкен отбасым!<br>Сәлем берді балашың!<br>Төбелерінде үлкен шеңбер шығатындай етіп, барлық балалар қол ұстасып қолдарын жоғары көтереді. | Таңғы сәлемдесу "Сәлем, саған көк аспан!"<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; қоршаған объектілерге көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Сәлем саған көк аспан!<br>(Қолды жоғары көтеру)<br>Сәлем саған күн нұры!<br>(Екі қолды қосып, шеңбер жасау)<br>Сәлем саған жер ана!<br>(Қолды баяу түсіру)<br>Сәлем саған, достарым!<br>(Барлық балалар қол ұстасып, қолдарын жоғары көтереді) | "Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) сөздермен байыту.<br>Құралдар. Дорба, түрді заттар немесе ойыншықтар.<br>Баланың жауабына мысал: Бұл доп. Доп домалақ. Доптің түсі көк. Доп домалайды. Доп - бұл ойыншық. | Таңғы сәлемдесу.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; қоршаған объектілерге, жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Армысың, Әлем!<br>Армысың, Жарық күн!<br>Армысың, абзал Адам!<br>Армысың, менің досым! | Шаттық шеңбері<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік! |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | Дене тәрбиесі<br>"Құстарға жем шашайық". | Дене тәрбиесі<br>"Кірпі қалай жүреді?"<br>Мақсат-міндеттер. | Музыка<br>"Қысқы әнші құстар".<br>Мақсат-міндеттер. | Дене тәрбиесі<br>"Домаланған кірпі".<br>Мақсат-міндеттер. | Қазақ тілі<br>«Ас бөлмесінде қандай заттар болады?». Ыдыстар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер. Балаларда гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын дамыту; арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту. | Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру дағдыларын дамыту; бір аяқтан бір аяққа секіру, тура секіру; допты алысқа лақтыруға үйрету; баскетбол добына арналған торға белгіленген нысанадан аспай, допты көкірек тұсынан дәлдеп лақтыру дағдыларын дамыту. | Балалардың торғай туралы әнге қызығушылықтарын арттыру; торғайдың табиғи дауыс ерекшелігін есту және қабылдай білу сезімін қалыптастыру; торғайдың үніндегі жоғары дыбыстың ерекшелігін ажырата білу қабілеті мен музыкалық аспаптағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; би элементтерін музыка әуенімен үйлесімді жасауға дағдыландыру. | Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; 1,5 м қашықтықта допты қақпа (ені 50 см) арқылы домалатуға үйрету; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді жүру дағдысын жетілдіру. | Мақсат-міндеттер. «Ыдыс-аяқ» тақырыбындағы сөздерді қазақ тілінде айтуды, сөзде екпінді дұрыс қолдануды; есту зейіні арқылы сөздерді дұрыс атауды үйрету. |
| | Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.<br>"Не қалай дыбыстайды? [о], [ө] дыбыстары".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды үй жануарларының дыбыстау ерекшеліктерімен, дауысты [о], [ө] дыбыстарының артикуляциясымен таныстыру; үй жануарларының қыстағы | Сурет салудан ойын-жаттығулар "Өсімдіктер".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды өзара ұжымдасып шығармашылықта сурет салу тәртібіне үйрету; алдын-ала боршамен салынған өсімдік өскен ыдыс бейнесінен шығып, созылып жатқан үй өсімдіктерінің бұталары бойына жапырақтарды саусақтармен жақпалап, | Математика негіздерінен ойын-жаттығулар "Марғаулар жіппен ойнайды".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды екі тең не тең емес заттар тобын саны бойынша салыстыруға және теңдестіруге үйрету; заттар жұптарын тұстастыру және беттестіру тәсілдерін қолдану іскерлігін қалыптастыру; заттарды оң (сол) қолымен алып, | Мүсіндеуден ойын-жаттығуларлар "Түймелер".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың киімдер туралы білімдерін жетілдіру, киімді түймемен түймелеудің маңызы туралы түсініктер беру; өзіне-өзі қызмет көрсету негіздерін қалыптастыру.<br><br>"Не істеген? Енді не істейді?" дидактикалық ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем | Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар.<br>"Жүргіншілер жолы".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жүргіншілер жолының маңызымен таныстыра отырып, ақпаратты мұқият тыңдауға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тіршілігі жөнінде білімдерін пысықтау. | салуға үйрету.<br><br>Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар.<br>"Кішкентай марғау".<br>Мақсат-міндеттер. Марғау туралы ұғым бере отырып, балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту. Мысық пен марғау туралы көркем сөздерді пайдалана отырып, сөздік қорын молайту. | жолақтың сол жағынан бастап, оң жағына қарай, бір-біреуден салу тәртібіне дағдыландыру; зейінді, қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау және ойлау қабілеттерін дамыту.<br><br>"Бір сөзбен ата" ойын-жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, ерекше белгілері бойынша жалпылауыш сөздермен байыту.<br>Құралдар. Заттардың топтамалары бойынша сурет-карточкалар немесе ойыншықтар.<br>Баланың жауабына мысал: Доп, пирамида, қуыршақ. Бұның барлығы - ойыншықтар. Кесе, тарелка, шәйнек. Бұның барлығы - | әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>Құралдар. Суреттер немесе ойыншықтар.<br>- Қуыршақ төсекте жатыр. Қуыршақ не істеген? (Қуыршақ ұйықтаған.) Қуыршақ не істейді? (Қуыршақ ұйықтайды.)<br>- Доп қорапта жатыр. Доп қорапта не істеген? (Доп қорапта жатты.) Доп қорапта не істейді? (Доп қорапта жатады.)<br>- Машина жолда жүруде. Машина жолда не істеген? (Машина жолда жүрген.) Машина жолда не істейді? (Машина жолда жүреді.)<br>Диалог осы тәртіпте жүреді. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ыдыстар. | | |
| **2-ші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет)<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық).<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br>Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. | | | | |
| **Серуен** | «Қауіпсіздік». Көліктерді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Зейінін, ойлау қабілетін дамыту. | «Экологиялық тәрбие». Қарды бақылау (қар үстінде іздер). (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Өлі құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық), табиғат құбылыстарын, қарды бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Қарды ауызға салмау туралы ескерту. Жұмбақ. | Желді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық). Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге үйрету. Байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>- Балалар, ағаштардың бұтақтарына қарайықшы. Бұтақтар | «Экологиялық тәрбие». Қарағашты бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың 2-3 түрін (қарағашты) тану және атау, өсімдік бөліктерін тану. Ағаштардың суықтан солмайтынын айту. Қауіпсіздік. Өсімдіктерді бақылауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау.<br>Қарағашты неге солай атайды?<br>Суық пен ыстықта ағаш неге солмайды? | «Қауіпсіздік». Күнді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліндегі күн туралы мәлімет беру; күз мезгілінде киілетін киімдердің атауларын пысықтау; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау, күннің көзіне тура қарауға болматынын ескерту, зерттеуде пленка немесе көк шыныны қолдану. Күнді өлі табиғат түріне жатқызу, күннің жерге жылу, жарық беруін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Машиналар жүреді ары-бері,<br>Алға және кері.<br>Жүкті тасымалдайды,<br>Жақын жерге, алысқа бағыттайды.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру. Көмек көрсету ниеттерін қолдау. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.<br><br>"Түлкі мен тауықтар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды | Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге,<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге.<br>Ол не? (Қар)<br>- Із қалады, қарды басса -<br>Іздер жатыр жолақ ұқсап.<br>- Балалар, қардың түсі қандай?<br>- Қарды үстінен жүрсе, не қалады?<br>- Иә, іздер қалады.<br>- Іздер жолаққа айналды. Жарайсыңдар!<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру.<br>Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. | қозғалмай тұр ма?<br>- Бұтақтарды біреу келіп шайқады ма?<br>- Бұтақтардың шайқап тұрған, жалауларды шелбіреткен жел болады.<br>- Жел - табиғи құбылыс. Жел көрге көрінбейді, бірақ оның күші зор.<br>Жел соғып, бізбен ойнайды,<br>Ағаш пен бұтақты шайқайды.<br>Ары-бері шайқайды,<br>"Ш-ш-ш" - деп дыбыстайды.<br>- Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз?<br>- Иә, "ш-ш-ш" дейміз.<br>- Жарайсыңдар!<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>(еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін | Қарағаштың діндегі<br>Әжемнің әжіміндей,<br>Қарағаштың тамыры<br>Тарайды өрімдей. (Д. Ахметова)<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру.<br>(еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br><br>"Жалауға жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіруді жетілдіру. Қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "жүгір" белгісіне сәйкес әрекет етуге үйрету. Біріне-бірі соғылмауды ескерту, қадағалау.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт | әңгімелеу.<br>Табиғатты жаратқан,<br>Жарықты жерге таратқан<br>Алтын күніміз жасасын,<br>Жылуын мәңгі сыйласын.<br>(Д. Ахметова)<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>(еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру. Көмек көрсету ниеттерін қолдау. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.<br><br>"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға баулу. Жүгіре білу қабілетін жетілдіру, бір-біріне соғылмай ойнауды ескерту, қауіпсіздікті қадағалау. Достыққа тәрбиелеу.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»<br>Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. Балалар көлденең тұрған нысанаға асықтарды (құм қапшықтарын) 3 метр қашықтықтан лақтырады.<br>Қауіпсіздік. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br><br>"Допты қуып жет" қимылды жаттығуы. | "Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүрігіп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br><br>Ал енді біз жүгірейк,<br>Саптан қалмай, үлгерейік.<br>Жүгір, жүгір, балақай!<br>Саптан қалма, балақай!<br><br>Жүгіріп болдық, жүрейік,<br>Тыныс алып, үлгерейік.<br>Тыныс алып болайық,<br>Қадам басып, тоқтайық ...<br>Д. Ахметова<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».<br>«Қасқұлақ» қазақ | жасауға машықтандыру. Көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.<br><br>"Мысық пен тышқандар" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сигналмен қозғалу әдебіне үйрету; жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру; ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>- Тышқандар інге сыймайды,<br>Тесіктерден сығалайды.<br>Ешкім жоқ болса олар<br>Аулаға шығып ойнайды.<br>Ай-ай-ай! Тышқандар-ай,<br>Жақындайды мысықай!<br>Шеңберден асыңдар,<br>Қашыңдар!<br>Д. Ахметова<br>Соңғы сөздерді айтқанда, педагог ойыншық мысықты | қазынасы»<br>Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.<br>Балалар көлденең тұрған нысанаға асықтарды (құм қапшықтарын) оң және сол қолмен тік нысанаға 1-1,5 метр қашықтықтан лақтырады.<br>Қауіпсіздік. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br><br>"Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға, кеуде тұсынан лақтыруға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.<br><br>Балалардың еркін ойындары.<br>(дене тәрбиесі, қоршаған | Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>- Бері шыға ғой, қоян!<br>Сұр құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Сұр құлақтармен ойна!<br><br>"Қояндар мен қасқыр" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға баулу. Жүгіре білу қабілетін жетілдіру, бір-біріне соғылмай ойнауды ескерту, қауіпсіздікті қадағалау. Достыққа тәрбиелеу.<br><br>"Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Допты қуып жетіп, төменнен екі қолмен көлденең нысанаға лақтыруға жаттықтыру. Тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.<br><br>Балалардың еркін ойындары.<br>(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту.<br>Ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. | халқының ұлттық қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, ойын белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету.<br>«Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту.<br><br>"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (қарды) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. | қолға ұстап шығарады. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеріп, дауыс күшін реттеу керек.<br>Ойын екі рет ойнатылуы мүмкін.<br><br>"Төмпешіктен төмпешікке" ойын жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.<br><br>"Допты қуып жет" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Допты қуып жетіп, төменнен екі қолмен көлденең нысанаға лақтыруға жаттықтыру. Тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. | әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту.<br>Ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. | балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.<br><br>Балалардың еркін ойындары.<br>(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту.<br>Ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. |
| **Серуеннен** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **оралу** | Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алып, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуді және шешінуді, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыруді жетілдіру; ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.<br>Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын жетілдіру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйретуды жалғастыру.<br>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Түскі ас** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын бекіту: ас ішу құралдарын (ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны) орнымен қолдануға баулу, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>Нан мен қасықты ал да,<br>Тамақ ішуді баста!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды.<br>«Үнемді пайдалану». Өзіне тиісті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады.<br>Аудио тыңдау М.Беспаевтің «Әлди, әлди әні».<br>(музыка) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету.<br>"Алтын жұмыртқа" ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.<br>Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба».<br>(музыка) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.<br>«Жалқау мысық» ертегісін оқып беру.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)<br>Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру.<br>Керуеттегі жаттығулар<br>Көзімізді ашайық<br>Аунап, қунап алайық,<br>Ұйқымызды ашайық<br>"Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру:<br>"Ф-ф-ф". | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Желдің желпуі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу.<br>"Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен адына-артына тербелу. | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | "Не қайда орналасқан?" дидактикалық ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, математика негіздері)<br>Мақсат-міндеттер. Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Балалардың ойлау қабілеттерін, тілдің грамматикалық құрылымын жетілдіру.<br><br>Саусақ жаттығуы<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық | «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»<br>Ұлттық ойын "Қазан".<br>(дене тәрбиесі, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер. Асықтарды көлденең нысанаға 3 метр қашықтықтан лақтырады. Сөреден 3 метр жерде үлкен қазан тұрады (шеңбер). Белгі бойынша әр топтың ойыншылары асықтарды қазанға лақтырады. Қазанның ішіне көбірек асық түсірген топ жеңеді.<br><br>Әлеумет<br>"Ойыншықтар" дүкені.<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сатушы қызметінің ерекшеліктерімен таныстыру; ойыншық дүкені туралы білімдерін кеңейту; дүкендегі ойыншықтардың атауларын жатқа білуге үйрету; дүкендегі | "Кім не жейді?" дидактикалық ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құстардың қоректенуі туралы білімдерін бекіту; қыстайтын және жыл құстары айырмашылығы туралы білімдерін бекіту; есте сақтауды, зейінді, сөйлеуді дамыту; қыстайтын және жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту.<br>Барысы: екі шеңберде әртүрлі тамақ түрлері: тары, дәндер, нан үгіндісі, итмұрын, жидек, қоңыз, құрт, алма суреттері тұрады. Балалардың міндеті - қыстайтын және жыл құстарына азық-түлік бөлу.<br><br>"Мен түлкімін, түлкімін" аз қимылды ойыны. | "Суретті құрастыр" үстел-үсті ойыны.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тұтас затты жеке бөліктерден құрастыруға жаттықтыру; ерік-жігерін, мақсатқа талпынуын тәрбиелеу.<br>Барысы: қорапта әр түрлі заттар бейнеленген тұтас суреттер болады: жануарлар, өсімдіктер. Екінші қорапта дәл осы суреттер төрт бөлікке бөлініп салынған. Педагог балаларды суреттермен таныстырады. Олар суретте не бейнеленгенін атап айтады.<br><br>"Қай жерде шырылдады?" дидактикалық ойыны.<br>(музыка)<br>Мақсат-міндеттер: дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау. Алдын-ала дайындық жұмысы: қоңыраушаны дайындайды.<br>Барысы: балалардың ішінен | "Не істеген? Енді не істейді?" дидактикалық ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>Құралдар. Суреттер немесе ойыншықтар.<br>- Қуыршақ төсекте жатыр. Қуыршақ не істеген? (Қуыршақ ұйықтаған.) Қуыршақ не істейді? (Қуыршақ ұйықтайды.)<br>- Доп қорапта жатыр. Доп қорапта не істеген? (Доп қорапта жатты.) Доп қорапта не істейді? (Доп қорапта жатады.)<br>- Машина жолда жүруде. Машина жолда не істеген? (Машина жолда жүрген.) Машина жолда не істейді? (Машина жолда жүреді.)<br>Диалог осы тәртіпте жүреді.<br><br>"Күлкілі маймылдар" |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аппаратты, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>«Тоқылдақ» саусақ жаттығуы<br>Тақылдатып, мазаны ап,<br>Ағаштарды тазалап.<br>Тоқ-тоқ-тоқ,<br>Ормандарды емдейді,<br>зиянкесті тазалар.<br>Тоқ-тоқ-тоқ.<br><br>Драматизация. "Қызыл телпек" ертегісін ағаш ойыншықтар театрын қолдану арқылы сахналау.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. | сыпайылық ережелері туралы түсінік беру.<br>"Ойыншықтар" қимылды жаттығуы.<br><br>Жапсыру ойындары.<br>"Қағаз шариктері"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қағазды түрлендіру әдістерін (умаждау) жетілдіру. Қолдың ұсақ моторикасын, қимылдар үйлесімдігін дамыту. | (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, қимылдарды үйлестіруге үйрету.<br>Балаларға жүргізушінің сөздерін мұқият тыңдауды, сигнал бойынша өз орындарына жылдам өтуге жаттықтыру; зейін, ойлау қабілетін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Педагог:<br>- Балалар, мен түлкі болайын. Мен сендерге әдемі ән айтып, алаңға серуенге шақырамын. Мен ән айтқанды тоқтатқанда өз орындарыңа барып, тез отыра қаласыңдар. Орындарыңа отырмасаңдар, мен орынды басып аламын. Бастайық.<br>Д. Ахметова "Түлкі".<br>Мен түлкімін, түлкімін, | жүргізушіні тағайындайды. Балалар шеңбер бойымен отырады, жүргізуші ортаға шығып көзін жұмады. Педагог бір балаға қоңыраушаны береді, бала көзін ашпай қай жақтан шыққанын қолымен нұсқайды. Егер бала дұрыс таппаса, онда екінші рет ойнап отырады. Сосын келесі бала шығады. | театрландырылған ойын.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер: зейінді, бақылауды, реакция жылдамдығын дамыту.<br>Барысы: балалар шашыраңқы тұрады. Олар маймылдар болып ойнайды. Олардың алдындағы бала - хайуанаттар бағына келуші, ол әртүрлі қимылдарды орындайды. "Маймылдар", баланың іс-әрекеттерін қайталайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қулықпен өтер күнім.<br>Қаласам алдай саламын,<br>Орынды басып аламын.<br>Педагог сөздерді әндетіп айтып жүруі керек. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Саусақ жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту. Балалардың қол ұсақ моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Мынау орындық –<br>Дем алуға отырдық.<br>Мынау үстел, (сол қолды жұдырыққа түю, үстіңе оң қолдың жұдырығын қою)<br>Асты іше біл.<br>Анау тұрған төсек,<br>(Қолдарды қарама-қарсы қою, бас бармақтардың ұшын бір-біріне тік бұрышта тигізу) | Жұмбақтар шешу<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Көркемсөзге қызығушылықты ояту. Табиғат құбылыстар жайында түсініктерді нығайту. Ойлау қабілетн жетілдіру.<br>Орақ болып туады,<br>Табақ болып тынады. (Ай)<br>Әлемнің бар екі күзетшісі;<br>Бірі-күндіз тынығады,<br>Бірі-түнде тынығады.<br>(Күн мен ай)<br>Бейнесі суда дірілдейді,<br>Қармаққа бірақ ілінбейді<br>(Ай)<br>Күндіз білінбейді,<br>Түнде күлімдейді.<br>(Жұлдыз)<br>Тек өзі көрінбейді,<br>Адамды тоңдырады<br>Ызғары дірілдетіп,<br>Есіңнен тандырады. (Аяз)<br>Суда қалқиды,<br>Жылыда балқиды. (Мұз) | "Қонжықтың күн тәртібі" дидактикалық ойыны.<br>(математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауға баулу: күндіз-түнде, таңертең-кешке. Күн тәртібін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру. Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту. | Саусаққа арналған жаттығу.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Мақсат-міндеттері. Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту.<br>Бас бармақ -әкем,<br>Балан үйрек – шешем,<br>Ортан түйрек – ағам,<br>Шылдыр шүмек – әпкем,<br>Кішкентай бөбек – мен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз /бесеуміз/ | Сөйлем құрастыру жаттығуы..<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер: суреттер бойынша сөздер, сөйлемдер, шағын әңгіме құрастыруға балаларды машықтандыру; байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту.<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы қоршаған орта және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ұйықтар орын білсек.<br>Міне диван – жұп-жұмсақ,<br>Отырамыз шаршасақ,<br>(Қолдарды ішік жақтарымен бір-біріне қосу)<br>Мынау шкаф – қарасақ,<br>(Екі қолды бас жағында қосып ұстау; алақандар біресе қосылып, біресе жан-жаққа ""ашылады"")<br>Киім-кешек жинасақ. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет)<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық).<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). | | | | |
| **Серуен** | «Қауіпсіздік». Ауладағы жалауларды қарастыру.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын | Бұрқасынды бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін | Ары-бері өтіп жүрген ересек адамдарды бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды отбасы мүшелерін (адамдарды апай, әпке, ағай, әже, ата, бала), олардың іс-әрекеттерін атауға, киім | «Экологиялық тәрбие». Шырша ағашын бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың 2-3 түрін (шыршаны) тану және атау, өсімдік бөліктерін тану. | Жасы ересек топ балаларын бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қыста қалай киінетіндеріне назар аудару. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру. Желдің далада бар болғанын жалаулардың желбірегеніне қарап білуге үйрету. Берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге үйрету. Байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Жел еседі,<br>Жалауды желпілдетеді,<br>Бұтақтарды шайқап,<br>Жасырынып, тығылмақ ойнайды. (Д. Ахметова)<br><br>"Қояндар мен қасқыр" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға баулу. Жүгіре білу қабілетін жетілдіру, бір-біріне соғылмай ойнауды ескерту, қауіпсіздікті қадағалау. Достыққа тәрбиелеу.<br><br>"Төмпешіктен төмпешікке" ойын | белгілеу. Өлі құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>Мақал.<br>Бұрқасын мен қарлы боран ақпанға келіп қонды.<br>Ырым.<br>Қыста бұрқасын көп болса, жазда жауын-шашын болады.<br>Бақылау: бұрқасын туралы түсініктерін қалыптастыру. Қатты жел, бұрқасын болған кезде аязды ауа соғады да, жүру қиындайды, бұлт күнді жауып, әрбір жерде қарлы бұрқасын соғады. Егер қар үрлеп құйындатса – бұл табиғат құбылысы бұрқасын деп аталады.<br><br>"Мені ұстап ал" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ережелер бойынша ойнауға үйрету, қарқынды өзгертіп жүгіруді жетілдіру. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, | үлгілерін атнып атауға баулу. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге үйрету. Байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Жол бойында адамдар жүр қаптаған,<br>Таң атқалы көліктер босамаған.<br>Жұмыстары бітпейді ғой ешқашан,<br>Ойлағаны қамқорлық және пайда.<br>Біреуі оңға қарайды, біреуі солға,<br>Артқа қайрылмайды, тек алға! (Д. Ахметова)<br><br>"Жалауға жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіруді жетілдіру. Қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "жүгір" белгісіне сәйкес әрекет етуге үйрету. Біріне-бірі соғылмауды ескерту, | Қауіпсіздік. Өсімдіктерді бақылауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау. Балалардың сөздік қорын толықтыру; ағаштар әлеміне деген қызығушылықты арттыру.<br>- Шыршаны қашан болмасын тамашалап қарауға болады, себебі ол әрқашан жап жасыл, суықтан қорықпайды.<br>- Шыршаның бұтақтарында жапырақтардың орнына қылқандар бар. Қылқандар түспейді, сондықтан қыста үстіне түскен қар бұталарды сындырмайды, қылқандардың арасынан жерге түсіп кетеді.<br>- Шырша өте пайдалы ағаш, ол ауаны тазартып, денеміздің сау болуына көмектеседі.<br>Жасыл желек жамылған<br>Міне, сұлу шыршамыз<br>Инелері тағылған<br>Қандай сұлу шыршамыз!<br><br>"Түлкі мен тауықтар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді | Балалар арасында достық қарым-қатынасты қалыптастыру. Ізгілік және қамқорлық сезімін тәрбиелеу.<br>Ермек Өтетілеуұлы "Іні".<br>"Бір ісіме қапа ма?" -<br>Деп қарайды апама<br>Сипаттырып басынан<br>Еркелейді атама.<br><br>"Мысық пен торғайлар".<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға баулу. Физикалық белсенділікті арттыру; педагогтің белгісі бойынша 15-20 сантиметр биіктіктен секіруді үйрету. Шашырап жүгіруді жетілдіру, бір-біріне соғылмауды қадағалау.<br><br>"Допты қуып жет" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Допты қуып жетіп, төменнен екі қолмен көлденең нысанаға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.<br><br>Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту.<br>Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен немесе өзге ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. | белсенділігін, ептілікті, батылдықты дамыту.<br><br>"Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға, кеуде тұсынан лақтыруға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.<br><br>Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту.<br>Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен немесе өзге ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) | қадағалау.<br><br>"Төмпешіктен төмпешікке" ойын жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.<br><br>Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту.<br>Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен немесе өзге ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен | сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға баулу. Жүгіре білу қабілетін жетілдіру, бір-біріне соғылмай ойнауды ескерту, қауіпсіздікті қадағалау. Достыққа тәрбиелеу.<br><br>"Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға, кеуде тұсынан лақтыруға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.<br><br>Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту.<br>Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен немесе өзге ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау. | лақтыруға жаттықтыру. Тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.<br><br>Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту.<br>Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен немесе өзге ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. | Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. | таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. | (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. | |
| **Серуеннен оралу** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алып, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуді және шешінуді, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыруды жетілдіру; ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.<br>Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын жетілдіру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйретуды жалғастыру.<br>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Кешкі ас** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, тамақпен ойнамау ауызды толтырып сөйлемеу.<br>Әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі).<br>Нан мен қасықты ал да,<br>Тамақ ішуді баста!<br>Тусипжанова-Шагирова А. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар, ән салу, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>(музыка)<br>Міндеттер. Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын | жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар, ән салу, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>(музыка)<br>Міндеттер. Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Ересектердің дауысына | есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар, ән салу, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>(музыка)<br>Міндеттер. Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын | кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар, ән салу, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>(музыка)<br>Міндеттер. Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Аудио-бейнежазбадан музыка | кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар, ән салу, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>(музыка)<br>Міндеттер. Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | меңгеруге ықпал ету.<br>Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>Аудио-бейнежазбадан музыка тыңдату.<br>Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.<br><br>Өнер бұрышында шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру.<br>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br>Міндеттер.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.<br>Желімдеудің техникасын жетілдіру.<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру мүсіндеу дағдыларын жетілдіру.<br>Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br><br>Құрылыс | ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>Аудио-бейнежазбадан музыка тыңдату.<br>Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.<br><br>Өнер бұрышында шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру.<br>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br>Міндеттер.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.<br>Желімдеудің техникасын жетілдіру.<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру мүсіндеу дағдыларын жетілдіру.<br>Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br><br>Құрылыс материалдармен ойындар (лего, т.б.).<br>(құрастыру) | меңгеруге ықпал ету.<br>Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>Аудио-бейнежазбадан музыка тыңдату.<br>Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.<br><br>Өнер бұрышында шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру.<br>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br>Міндеттер.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.<br>Желімдеудің техникасын жетілдіру.<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру мүсіндеу дағдыларын жетілдіру.<br>Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br><br>Құрылыс | тыңдату. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.<br><br>Өнер бұрышында шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру.<br>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br>Міндеттер.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.<br>Желімдеудің техникасын жетілдіру.<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру мүсіндеу дағдыларын жетілдіру.<br>Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br><br>Құрылыс материалдармен ойындар (лего, т.б.).<br>(құрастыру)<br>Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру.<br>Бөлшектерді бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше | бірге бастап, бірге аяқтау.<br>Аудио-бейнежазбадан музыка тыңдату.<br>Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.<br><br>Өнер бұрышында шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру.<br>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br>Міндеттер.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.<br>Желімдеудің техникасын жетілдіру.<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру мүсіндеу дағдыларын жетілдіру.<br>Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br><br>Құрылыс материалдармен ойындар (лего, т.б.).<br>(құрастыру)<br>Міндеттер. Балалардың құрастыруға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | материалдармен ойындар (лего, т.б.). (құрастыру)<br>Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру. Бөлшектерді бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамыту. | Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру. Бөлшектерді бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамыту. | материалдармен ойындар (лего, т.б.). (құрастыру)<br>Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру. Бөлшектерді бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамыту. | құрастыруға мүмкіндік беру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамыту. | қызығушылығын арттыру. Бөлшектерді бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамыту. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың музыкалық қабілеттері туралы әңгімелесу. | Ата-аналарға кеңес. "Балаларды қалай қуантуға болады?" | Ата-аналарға кеңес. "Мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыруда ойын технологияларын қолдану". | Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. |